

## БЕКІТЕМІН



Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры

Б.Абдикерова

03 2021 ж.

### «БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА» форумы аясында облыстық стартап бизнес жобалар байқауының

#### ЕРЕЖЕСІ

##### I. Жалпы ережелер

- 1.1. Облыстық стартап бизнес жобалар байқауының ұйымдастырушылары (бұдан әрі – байқау): Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды қаласы «№97 Гимназия» КММ.
- 1.2. Осы ереже байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін, байқауға қатысушылар құрамын және ұсынылатын құжаттамаға қойылатын талаптарды, сондай-ақ стартап бизнес жобаларды бағалау өлшемдерін айқындайды.
- 1.3. Байқау оқушылардың шығармашылық әлеуетін қолдауға және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған.
- 1.4. Байқаудың Ұйымдастыру комитеті байқау барысында жалпы бақылауды жүзеге асырады және қажет болған жағдайда оған түзетулер енгізеді.
- 1.5. Байқау материалдары талаптарға сәйкес құрамына бизнес, білім беру саласында көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар тәжірибелі мамандар кіретін әділқазылар мүшелерімен бағаланады.
- 1.6. Байқауды өткізу тілдері: қазақ, орыс
- 1.7. Өткізу формасы: қашықтықтан (Zoom)

##### II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

###### 2.1. Мақсаттары:

1. Бизнес-жоспарлау дағдыларын қолдану, Жобалау-талдау қызметінде, зерттеу қызметінде, білім беруде және өздігінен білім алуда құзыреттерді қалыптастыру.
2. Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту.
3. Жалпы мәдени дүниетанымды кеңейту, құндылықтарды және өзін-өзі анықтауға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру, жетістікке жету үшін ынталандыру.

###### 2.2. Міндеттері:

1. оқушылардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділігін дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қажеттілігі;
2. оқушылардың қоғамдық қызметін жандандыру, өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау үшін жағдай жасау;

3. оқушының қоғамдық-маңызды бастамаларын ынталандыру, көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

### **III. Байқауға қатысу шарттары және оны өткізу тәртібі**

- 3.1. Байқаудың қатысушылары жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің оқушылары болып табылады.
- 3.2. Байқауға 9-11 сынып оқушылары қатыса алады.
- 3.3. Қатысу жеке немесе бірлескен болуы мүмкін. Бірлескен әзірleme авторларының саны үштен аспайды.
- 3.4. Байқауға қатысуға осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген жұмыстар жіберіледі (1-қосымша)
- 3.5. Байқауды өткізу мерзімдері

**I кезең - аудандық-қалалық:** 15 наурыз – 15 сәуір 2021 жыл.

**II кезең - облыстық іріктеу:** 20-26 сәуір (сырттай).

**III кезең – «БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА» форумының бірыңғай күні аясында ең үздік жұмыстар өз презентацияларын қорғайды - 30 сәуір.**

Облыстық іріктеу кезеңіне қатысуға әр өңірден 1-2 үздік жұмыс жіберіледі, оның ішінде «БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА» форумының бірыңғай күніне қатысу үшін 6 үздік жұмыс таңдалады.

Облыстық кезеңге қатысуға өтінім және байқау материалы қалалық/аудандық білім бөлімдері өткізген I кезеңнің қорытындылары бойынша **2021 жылдың 19 сәуіріне дейін** [umc.forum@umckrg.gov.kz](mailto:umc.forum@umckrg.gov.kz) электрондық мекенжайына жіберілуі қажет. 30 Сәуірде Zoom платформасы арқылы онлайн конференция өткізіледі.

### **IV. Байқау пәні мен мазмұны**

- 4.1. Байқау пәні оқушылардың стартап бизнес жобалары болып табылады.
- 4.2. Байқау ZOOM платформасында онлайн форматта өткізіледі.
- 4.3. Материалдардың тақырыбы шектелмейді, бірақ материалдар білім беру сипатына ие болуы керек және жалпы танылған ғылыми фактілерге, этикалық нормаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі керек.

### **V. Қатысушыларды марапаттау**

- 5.1. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау барлық критерийлер бойынша қатысушылардың жинаған ұпай санын есептеу арқылы жүргізіледі.
- 5.2. Байқауға қатысушылар дипломдар немесе қатысушы сертификаттарын алады.
- 5.3. 1,2 немесе 3 орын алған байқау жеңімпаздары жеңімпаз дипломдарына ие болады.

### **Байқау материалдарына қойылатын талаптар**

1. Байқау материалдары электронды түрде қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады.
2. Жұмыста мыналар болуы керек: автордың аты-жөні, лауазымы, оқу орнының атауы, оқу орнының орналасқан жері.
4. Материал келесі форматта дайындалады:
  - баспа тәсілімен парақтың бір жағында (А4 форматы);
  - шрифт – Times New Roman Cyr (Кегль 14);
  - жоларалық интервал бір жарым (1,5);
  - шрифттің түсі – кара;
  - мәтінді ені бойынша туралау;
  - бірінші жол (абзац) 15 мм;
  - жиектері: оң жағы 10 мм, сол жағы 30 мм, жоғарғы және төменгі жағы 20 мм;
  - парақтың төменгі бөлігінің ортасында араб цифрларымен беттерді нөмірлеу.
5. Ұсынылатын материалдар мынадай ретпен тігілуі тиіс:
  - байқауға қатысуға өтінім
  - жобаның, бизнес-жоспардың мәтіні;
  - қосымша.
6. Конкурсқа қатысушылар ұсынатын стартап бизнес жобасының презентациясы Microsoft Office Power Point қосымшасында орындалуы тиіс. Слайдтардың максималды саны -15.  
Бір жобаға ауызша ұсыну уақыты - 5-7 минут
7. Электрондық пошта арқылы жіберу үшін байқау материалы мұрағатталып жіберілуі қажет.

### **Байқау материалдарын бағалау критерийлері**

1. Бағалау критерийлері:
  - Бизнестің негізіне алынған идеяның сипаттамасы
  - Болжамды қызметтің өзектілігін дәлелдеу
  - Жобаның миссиясы, мақсаты мен міндеттері
  - Кәсіпорынның сипаттамасы және оның қаржылық жағдайын талдау
  - Өндіруге жоспарланған өнімнің сипаттамасы
  - Жобаны жүзеге асырудың болжамды нәтижелері, оның ішінде экономикалық тиімділік
  - Нарықты талдау
  - Өндірістік жоспар
  - Маркетинг жоспары
  - Қаржылық жоспар
  - Ұйымдастыру жоспары
  - Жобаны іске асыруды сүйемелдейтін сыртқы факторлар
2. Сондай-ақ ескеріледі:
  - стиль және өзіндік ерекшелігі,

- ақпараттылық,
- жаңашылдық, өзіндік ерекшелік, бизнес-идеяның креативтілігі;
- бизнес-идеяны іске асырудың шынайылығы және іс жүзінде іске асыруға әзірлік;
- бизнес-жоспардың пысықталу дәрежесі;
- лаконизм,
- шешендік өнер, қарым-қатынас дағдылары, жобаның барлық авторларының қатысу дәрежесі,
- ақпараттың көрнекілігі.

### **Жоба түйіндемесі**

Түйіндеме - келесі негізгі деректерді қамтитын бизнес-жоспардың негізгі ережелерінің қысқаша мазмұны:

1.	Жоба атауы
2.	Жобаның мақсаты мен міндеттерінің қысқаша сипаттамасы
3.	Болжалды қызметтің өзектілігі, тауардың (қызметтің) қажеттілік деңгейі
4.	Жобаның қысқаша мәні
5.	Ұсынылатын тауарлардың (қызметтердің) әлеуетті тұтынушылары
6.	Ұсынылатын тауарлардың (қызметтердің) ерекшеліктері мен бәсекелестік артықшылықтары
7.	Жобаны іске асыру бойынша іс-қимыл тәсілдері мен іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы
8.	Жобаға қатысушылар саны
9.	Жобаның құны (теңгемен)
10.	Жобаны қаржыландырудың болжамды көздері
11.	Тауарды (қызметті) сатудың көлемін және жақын арада (ай, тоқсан, жыл) түсетін пайданың сомасын болжау
12.	Жобаның қаржылық нәтижелері
13.	Жобаны іске асыру және өзін-өзі ақтау мерзімдері
14.	Жобаны іске асырудан күтілетін әлеуметтік-экономикалық тиімділік

Жобаның түйіндемесі 2 беттен аспауы керек!

### ***Бизнес жоспарды рәсімдеу бойынша ұсыныстар***

1. **Басты бет** (жобаның атауы, жобаның авторы, оқу орнының атауы, сыныбы/курсы, жобаның құны)
2. **Жобаның түйіндемесі**
3. **Тауар/қызмет сипаты** (атаулары, тауар (қызмет) сипаты, ұсынылатын тауар ерекшеліктері, шығарылатын тауар (қызметтің) бәсекелестің тауарынан ерекшелігі)



4. **Өндіріс жоспары** (өндіріс технологиясының, қажетті ғимараттың қысқаша сипаты; қажет жабықтарды, шикізатты, материалдарды, қосалқы құралдарды сатып алу тізімі мен орны)

5. **Ұйымдастыру жоспары** (стартап бизнес-жобасына қатысушыларының қысқаша сипаттамасы, міндеттерді үлестіру, стартап бизнес-жобасына қатысушыларының еңбек ақысын төлеу жүйесі)

6. **Маркетинг жоспары** (ықтимал тұтынушылар, тауар (қызмет) сатудың көлемін болжамы, ықтимал бәсекелестер туралы қысқаша сипаттама, тауарды сату тәсілдері, өткізуді ынталандыру әдістері, жарнама компаниясын ұйымдастыру, баға қалыптастыру)

7. **Қаржыландыру жоспары** (қаржыландыру көлемі мен орны; кірістер мен шығыстар жоспары, бизнес-жобаны іске асыру процесіндегі ақша құралдарының қозғалысы жоспары, іске асырудың қаржылық нәтижелері, жоба өтелімділігі мерзімі)

8. **Тәуекелділікті бағалау** (сыртқы және ішкі)

9. **Қосымшалар** (нарық сараптамасы бойынша мәлімет; өнім спецификациясы, фотосуреттер; жарнама проспектітерінің көшірмесі; сызбалар, жобалық-сметалық құжаттар және т.б.)

Бизнес жоспар мәтіні 15 беттен аспауы керек!

Келісілді:

Е. Аринов

А. Сарсембаева

Г. Копбаева

Г. Мукашева

Ж. Дюсембина

Г. Сулейманова